"8D03104 – Саясаттану" білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған Әлішерова Айгерім Бақытжанқызының «Саяси реформалар кезіндегі студенттік жастардың саяси мәдениетінің трансформациялану ерекшеліктері (Алматы қаласы мысалында)» атты тақырыпта диссертация жұмысына ресми

ПІКІР

Диссертация тақырыбының өзектілігі мен маңыздылығы. Диссертациялық зерттеу жұмысы қазіргі Қазақстан қоғамындағы саяси реформалар аясындағы жастардың саяси мәдениетінің өзгеруін талдауға бағытталған. Бұл зерттеу саяси ғылым үшін аса өзекті, себебі жастар – қоғамның белсенді және болашағын айқындайтын тобы. Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан саяси реформалар елдің саяси институттарының жаңғыруымен қатар, азаматтардың, әсіресе жастардың саяси сана-сезіміне, белсенділігіне және қатысу формаларына ықпал етуде. Өйткені саяси реформалар жағдайында жастардың саяси мәдениеті мен белсенділігі – саяси жүйенің болашағын айқындайтын маңызды фактор.

Диссертант зерттеу жұмысында Қазақстандағы саяси трансформациялар мен жастардың саяси қатысуы арасындағы байланысты терең зерттеген. Автор Алматы қаласындағы студенттік жастарды нысанаға ала отырып, урбанизацияланған және саяси белсенді аймақтың саяси динамикасын нақты талдайды. Бұл фактор зерттеудің ғылыми жаңашылдығын арттырады және жұмысқа қолданбалы маңыз береді.

Ғылыми нәтижелердің сенімділігі, негізділігі және жаңалығы. Диссертант зерттеу жұмысында заманауи ғылыми еңбектерге, социологиялық әдістерге және эмпирикалық деректерге сүйене отырып, Алматы қаласы мысалында студенттік жастардың саяси мәдениетінің трансформациялану үдерісін тереңінен талдайды. Саяси реформалардың жастардың сана-сезімі мен белсенділігіне әсерін көрсету үшін студенттік жастар арасында сауалнама, контент-талдау, салыстырмалы талдау әдістер қолданылған. Жаңа саяси институттар мен реформалардың (Конституциялық сот, онлайн-петициялар, квота жүйесі) студенттік жастарға ықпалы алғаш рет кешенді түрде қарастырылған. Әсіресе әлеуметтік медиа құралдары арқылы жастардың саяси белсенділігіне әсер ету тетіктерін ашып көрсету зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығын дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелерінің ғылыми және практикалық маңыздылығы. Зерттеу нәтижелері саяси ғылым саласында, жастар саясаты бағытында және білім беру жүйесінде кеңінен қолдануға болады. Диссертацияда ұсынылған

әдістемелер мен нәтижелер саяси мәдениет теориясын дамытуға үлес қосып қана қоймай, сонымен қатар жастарды саяси әлеуметтендіру стратегияларын дайындауға негіз бола алады. Қазақстандағы қазіргі саяси реформалардың студенттік жастар санасына әсерін талдау – саяси модернизация процестерін түсіну үшін маңызды эмпирикалық база ұсынады. Зерттеудің нәтижелері саяси шешімдер қабылдауда, мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуде, жастардың саяси белсенділігін арттыруда кеңінен пайдалануға болады.

Диссертацияның академиялық стандарттарға сәйкестігі. Жұмыс құрылымы мен мазмұны PhD деңгейіндегі диссертацияға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Ғылыми тіл сақталған, дәйектемелер мен әдебиетке сілтемелер жүйелі қолданылған. Зерттеу логикалық тұрғыда жүйеленген, тараулар мен бөлімдер өзара байланысты. Жұмыс барысында қолданылған теориялық негіздер мен әдіснамалық аппарат қазіргі саясаттану ғылымындағы заманауи талаптарға сай келеді.

Диссертацияның практикалық маңыздылығы. Диссертациялық жұмыстың практикалық маңыздылығы – оның нәтижелерін нақты қолдану мүмкіндігінде. Зерттеу жастардың саяси мәдениетін қалыптастыруға бағытталған мемлекеттік саясатқа ұсыныстар жасауға, сондай-ақ білім беру мекемелерінде азаматтық және саяси білім беруді жетілдіруге негіз бола алады. Жастар ұйымдары мен үкіметтік емес ұйымдар бұл жұмыстың нәтижелерін өз бағдарламаларында қолдана алады. Сонымен қатар, әлеуметтік медиа арқылы саяси ақпаратты тарату және саяси қатысудың жаңа форматтарын дамытуға арналған ұсыныстар практикалық тұрғыдан аса құнды.

Қорытындылай келе, Әлішерова Айгерім Бақытжанқызының диссертациялық жұмысы мазмұны мен ғылыми деңгейі жағынан "8D30014 – Саясаттану" білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу талаптарына толығымен сәйкес келеді және қорғауға ұсынылады.

Ғылыми кеңесші,
ҚР Президенті жанындағы
ҚР Ұлттық ғылым академиясы
"Білім және қоғамды дамыту"
ғылымдары орталығының басшысы, PhD **Ж.М. Төлен**

БӨЛІМІ